

Ауданда құқықтық насихат пен жалпы құқықтық оқуларды үйлестіру-әдістемелік кеңесі туралы

Күшін жойған

Лебяжі аудандық әкімиятының 2003 жылғы 17 маусымдағы N 118/7 шешімі. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 19 тамызда N 2002 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2004 жылғы 10 сәуірдегі N 54/4 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2004 жылғы 10 сәуірдегі N 54/4 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 маусымдағы "Қазақстан Республикасында жалпы құқықтық оқуларды ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар туралы" N 2347 қаулысына сәйкес аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ауданда құқықтық насихат пен жалпы құқықтық оқуларды үйлестіру-әдістемелік кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) құрылсын.

2. Кеңестің қоса беріліп отырған Ережесі бекітілсін.

3. Кеңестің жеке құрамы заңнамада белгіленген тәртіпте аудандық мәслихаттың бекітуіне ұсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау жасау аудан әкімі аппаратының басшысы Н.Т.Қобайдаровқа жүктелсін.

Аудан әкімі

А у д а н ә к і м і н і н ш і л д е д е г і
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 1 7 ш і л д е д е г і
" А у д а н д а құ қ ы қ т ы қ н а с и х а т
п е н ж а л п ы құ қ ы қ т ы қ о қ у л а р д ы
үй л е с т і р у - ә д і с т е м е л і к к е ñ е с і
т у р а л ы " 1 1 8 / 7 қ а у л ы с ы м е н
б е к і т і л д і

Ауданда құқықтық насихат пен жалпы құқықтық оқуларды үйлестіру-әдістемелік кеңесінің ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы Ережелер

1. Ауданда құқықтық насихат пен жалпы құқықтық оқуларды үйлестіру-әдістемелік кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) аудан атқарушы органдарының мекемелерінің, ұйымдарының құқықтық насихат пен жалпы құқықтық оқыту

жөніндегі қызметінің ведомствоаралық үйлесімділігін қамтамасыз ететін консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Аудан прокуратурасы, аудан әкімі аппараты, аудандық ішкі істер бөлімі, редакция өкілдері Кеңес мүшелері болып табылады. Кеңес мүшелерінің өкілеттігін өзге тұлғаларға беру тек кеңес төрағасының келісімі арқылы жүзеге асырылады.

2. Кеңестің негізгі міндеттері

3. Мыналар :

1) Аудан атқарушы органдарының, мекемелерінің, ұйымдарының аудандық құқықтық насихат пен жалпы құқықтық оқулар жөніндегі қызметінің өзара ведомствоаралық үйлесімділігін қамтамасыз ету;

2) Аудан атқарушы органдарының, мекемелерінің, ұйымдарының аудандық құқықтық насихат пен жалпы құқықтық оқулар жөніндегі қызметін талдау.

4. Аудан атқарушы органдарының, мекемелерінің, ұйымдарының аудандық құқықтық насихат пен жалпы құқықтық оқулар саласындағы жұмыстың жағдайын бірлесіп талдау, аудан атқарушы органдарымен, мекемелерімен және ұйымдарымен бірлесе өткізілетін іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу Кеңес қызметінің негізгі түрлері болып табылады.

3. Кеңестің функциялары

5. Кеңес мына функцияларды жүзеге асырады:

1) Аудан мекемелері мен ұйымдарында құқықтық насихат пен жалпы құқықтық оқулар жөніндегі кәсіпорындар мен мекемелер басшыларының осы мәселелер бойынша ақпараттарын тыңдайды.

2) Аудан атқарушы органдары, мекемелері, ұйымдары дәрістік бағдарламаларының тақырыптық бағытын және кәсіптік мазмұнын талдайды.

3) Аудан атқарушы органдарына, мекемелеріне, ұйымдарына тақырыптық жоспарлар құрылған және құқықтық тақырыптағы материалдарды жариялауға тәжірибелік көмек көрсетеді.

4) Кеңестің құзыретіне енетін өзге де қызметтерді атқарады.

4. Кеңестің жұмысын ұйымдастыру

6. Кеңес жартыжылдық жоспарға сәйкес жұмыс істейді. Кеңес мәжілісі тоқсанына бір рет өткізіледі.

7. Мәжілістер төрағаның басшылығымен немесе оның ұсынысы бойынша кеңес мүшелерінің бірінің басшылығымен өтеді.

8. Кеңестің барлық мүшелерінің тең жартысы мәжіліске қатысқан жағдайда ол заңды болып саналады.

9. Талқылау нәтижелері мен қабылданған ұсынымдар Кеңес мәжілісінен

кейін екі күн ішінде толтырылып, хаттамаға тіркеледі. Хаттамаға Кеңес төрағасы мен хатшы қол қойып, барлық қажетті құжаттармен қоса Кеңес мүшелеріне жіберіледі.

Аудан әкімінің

2003 жылғы 17 шілдедегі

"Ауданда құқықтық насихат

пен жалпы құқықтық оқуларды

үйлестіру-әдістемелік кеңесі

туралы"

№ 118/7 қаулысына қосымша

Ауданда құқықтық насихат пен жалпы құқықтық оқуларды үйлестіру-әдістемелік Кеңес ҚҰРАМЫ

- | | |
|-----------------------------------|---|
| 1. Бейсенов Қайрат Құдайбергенұлы | - аудан прокуроры, комиссия төрағасы (келісім бойынша) |
| 2. Жоламанов Мәди Қаламбекұлы | - аудан әкімі аппаратының заңгері, комиссия хатшысы |
| КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ | |
| 3. Сәдуақасов Қанат Манапұлы | - аудандық ішкі істер бөлімінің басшысы(келісім бойынша) |
| 4. Әмірғалиев Шәкірт Төленұлы | - аудан әкімі аппаратының ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі |
| 5. Ібіжанов Рымбай Байтөренұлы | - аудандық "Аққу үні" газетінің редакторы |